

**Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының  
бірлескен ҚАУЛЫСЫ және ШЕШІМІ**

**Ақтөбе қаласы**

**№ 130/416**

**2019 жылғы 5 сәуір**

**Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2019 жылғы 20 наурыздағы №106/414 «Ақтөбе қаласы Астана ауданы Әбілқайыр хан даңғылының бір бөлігін Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы деп қайта атау туралы» бірлескен қаулысының және шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 және 27-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 20 наурыздағы қорытындысына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2019 жылғы 20 наурыздағы №106/414 «Ақтөбе қаласы Астана ауданы Әбілқайыр хан даңғылының бір бөлігін Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы деп қайта атау туралы» бірлескен қаулысының және шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6020 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бірлескен әкімдік қаулысы және мәслихат шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Л.Тоқжановқа жүктелсін.

3. Осы бірлескен әкімдік қаулысы және мәслихат шешімі жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыс әкімі**

**О. ОРАЗАЛИН**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Б. БЕРКІМБАЕВ**